

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UYYE5460>

***А. Қ. Қайырбекова¹, К. А. Төлеубаева², С. У. Такиров³**

^{1,2,3}Академик Е. А. Бөкетов атындағы

Қарағанды зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3373-0750>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8423-5581>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7268-0127>

*e-mail: aida_k96@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ТАНАТОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әлемдік әдебиеттану ғылымында «көркем танатология» мәселесі жан-жақты қарастырылып келеді, алайда философия, психология сияқты салалардың объектісі ретінде қаралғаны болмаса, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл тақырыпқа жазылған зерттеу еңбектері жоқтың қасы. Қазіргі таңа көркем шығармадағы «танатологияны», «танатологиялық мотивтерді», «образдарды» айқындап, жүйелі түрде талдау – әдебиеттанудың негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтан мақалада танатологияның гуманитарлық ғылымдардағы орны, әлемдік әдебиеттану ғылымындағы зерттелуі, психология, философия ғылымдарымен салыстыруы арқылы көркем әдебиетте, шығармада қолдану жолдары мен образға айналу үдерісі талданады. Бұл тұрғыда ХХ ғасырдың екінші ширегіндегі танатологияны «өлім туралы ғылым» ретінде қарастырған ғылыми еңбектерден (З. Фрейд, К. Юнг, Ж. Батай, Ф. Арьес), сондай-ақ көркем әдебиет бағытында зерттеле бастаған кезеңдеріне (Ф. Хофман, М. Бахтин, Р. Барт) шолу жасай отырып, оның нақты бір автордың мәтін жүйесіндегі интерпретациялық элементіне айналу үдерісі айқындалады. Соның негізінде көркем мәтінді талдауда жаңа ізденістерге жол ашылады. Авторлардың шығармашылық шеберханасына терең бойлап, түпкі идеяны талдауға баса назар аударылады. Сонымен қатар, бұл мақалада сюрреализм, экзистенциализм сияқты түсініктердің танатологиялық мотивтерге байланыстылығы көркемдік тұрғыдан дәйектеледі, қазіргі қазақ жазушыларының шығармалары жан-жақты талданып, қарастырылады.

Кілтті сөздер: өмір, өлім, танатология, танатологиялық сарын, әдебиеттану, автор, экзистенциализм, концепт, интертекст.

Кіріспе

Өлім феномені әлем әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де өзінің позициясын әлдеқашан орнатқан. Тамыры тереңге жайылған қазақ халқы өмір мен өлімді философиялық тұрғыда (мынау жалған, бес күндік дүние) түсінген, түсініп қана қоймай «өмір» мен «өлімге» түсінік берген және өз танымына сәйкес өлімнің классификациясын жасаған: «ақ өлім», «ер өлім», «ез өлім», «арам өлім», «ит өлім», «сұраусыз өлім», «шейіт болу», «қапия өлім», «наза өлім», «аңғал өлім», «құса өлім», «қор өлім» және тағы сол сияқты. Қазіргі кезде өлімнің бұл түрлері алғаш пайда болған формасынан түрленіп, жаңа бір нұсқада интерпретацияланды. Ұлттық әдебиетімізде сонау «қоштасу», «жоқтау» өлеңдерінен басталған өлім сарыны қазіргі авторлардың өз шығармаларында өлімді ойнату, ажалды символ ретінде беру, өлім арқылы образ жасау деген көркемдік шешімдерге алып келеді.

Жалпы әлем әдебиетіндегі «танатологиялық сарын (мотив)» термині қазақ әдебиетінде мағыналас терминдермен ауыстырылады, «жалғыздық» сарыны және «өлім» мен «өмір» концептісі ішінде қарастырылған.

Өмір мен өлім концептісі – философия, антропология, экзистенциализм, жаратылыстану, гуманитарлық ғылым салаларының негізгі зерттеу объектісі болса, ал танатология медицина мен гуманитарлық салаларда қатар қолданатын термин болғандықтан, оған анықтама беру де қиын.

Ең алдымен бұл терминді ғылыми және күнделікті тілге белсенді енгізген зерттеулерге бағытталатын болады. Дегенмен, өлім мәселесін дамыта бастаған философтар мен натуралистер туралы айтпай кету мүмкін емес. Біз негізінен батыстық ғалымдардың зерттеулерінен танатологияның негізгі принциптері мен элементтерін байқаймыз, дегенмен шығыс әдебиетінде де «өлім» тақырыбы қозғалатынын айтқанымыз жөн.

Танатологияны жан-жақты қарастырған ғалым Р. Л. Красильников өз монографиясында қазіргі кезде танатология тек қана ғылым саласы емес, ол зерттеу объектісіне айналды деген ойды ұстанады [1, 14-б.]. Сонымен қатар, танатология терминін «көркем танатология» деп атайды.

Қазақ әдебиетінде танатология жайлы іргелі еңбектер болмаса да, мүлдем аты аталмады дегеннен аулақпыз, белгілі ғалым Г.Балтабаева виртуалды прозаны зерттеуге арналған еңбегінде «әдеби танатология» деген түсінікті қолданады және өлімді әдеби тұрғыда сипаттайтын термин ретінде анықтама береді [2, 65-б.].

Материалдар мен әдістері

Мақалада әлем әдебиетіндегі зерттеу парадигмаларына сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі танатологиялық мотивтердің пайда болуы мен қазіргі таңдағы даму тенденцияларына талдау жасалады. Соның негізінде З. Фрейд, К. Юнг, Ф. Хофман, Ф. Кузман, Р. Л. Красильников, М. Бахтин және т.б. сияқты ғалымдар мен қатар қазақ ғалымы Г. С. Балтабаеваның еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеудің нысаны ретінде әлем әдебиетіндегі үздік бестселлер авторларының шығармалары мен қазақ жазушылары Д. Амантай, Л. Қоныс, А. Мырзахмет, Т. Нұрмағанбетов және т.б. туындылары алынды. «Көркем танатология» анықтау мақсатында сипаттамалық, тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, интертекстуалды әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі филология ғылымының, оның ішінде, әдебиеттанудың мақсаты – танатологияны көркем мәтін объектісі ретінде зерттеу.

Жалпы «танатология» сөзі грек тілінен аударғанда «өлім» туралы ілім деп аударылады. Осындағы «Thanatos» дегеніміз өлім құдайы дегенді білдіреді. Бұл саланың ерекшелігі өлім және оған қатысты құбылыстарды қарастыруында, яғни оның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерін зерттейді.

Танатологиялық элементтердің сипаттамасын Аристотельдің «Поэтика» еңбегінен табуға болады. Трагедияның сюжеттік құрылымын қарастыра отырып, ол «бұралу» (перипетия) мен «танудан» (узнавание) кейін оның үшінші бөлігі «азап шегу» («құмарлық») – адам жанына жара салатын әрекеттер мен өлімді айтады [3, 52-б.]. Бұл еңбекте ғалым адамға эмоциялық тұрғыда қатты әсер ететін, оның өмірлік трагедиясына айналатын қорқыныш пен өлімді айтып тұрғандай, сондай-ақ, аталмыш еңбекте грек трагедиясын толықтай талданып, оның негізгі элементі – өлім (жазықсыз, абайсыз, қасақана) екенін анықтап тұр. Бұған әлем әдебиетіндегі Артуро-Перес-Ревертенің «Құрсау немесе өлім үстіндегі ойын» шығармасын мысал ретінде ала аламыз. Туындының негізі Испаниядағы соғыс кезіндегі жазықсыз қыздардың өлімі, жандаралдың адамдармен шахмат тахтасындағы фигуралар сияқты ойнауы, ізкезушінің бұл істі ашуға құмарлығы, ақыры өлім құшуы сипатталды, бірақ оқиға шешімінде қоғамда әділеттік орнап, қаншама қыздың өмірін жалмаған қылмыскер өлім құшады. Тіпті шығармада өлі дененің иісі ауаны улап тұрған ғимартта өлі адамның елесімен тірі адамның диалог орнатуы арқылы жазушы оқиғаның нағыз трагедия екенін бейнелейді: «Мен қазірдің өзінде өлікпін... Мені рота айлағында өлтірді... Мүмкін, деп ойлады Лолита, – онікі рас та болар. Азап көрген марқұм, егер оған аяқ астынан жан бітсе, тап осылай күлімсірейтін шығар...» [4, 478-б.] Кейіпкердің ішкі

монологах арқылы оның сенімсіздігі байқалады, автор екеуінің диалогы арқылы капитанның азап шеккенін, өлім арқылы ол азаптан құтылғанын, барлығы аяқталғанын көрсетіп тұрғандай.

Гуманитарлық салаларда танатология терминіне қатысты «танатос» ұғымы қолданылып келді. З.Фрейд бұл терминді еңбектерінде қолданбаса да, лекцияларында ауызша айтып кеткені жайлы деректер бар. Ол «По ту сторону принципа наслаждения» (1920) және «Продолжение лекций по введению в психоанализ» (1933) еңбектерінде «өлімге елту» – кез-келген организмнің бейорганикалық, «бастапқы күйге» бейсаналық ұмтылысы десе, өмірге деген құштарлық – бұл «денені» өлімге апаратын бейсаналық ұмтылыс» [5] – деген пікір білдірген. Бұндағы өлімге елтуді кей адамдардың суицидалды мінез-құлқын түсіндіретін сияқты. Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» шығармасындағы оқиғаның шешімін айтсақ болады, яғни кейіпкер өзінің жанын қию арқылы өзінің жармағын құртты, бір жағы бұл бір жағы өзіне өзі қол жұмсау болса, бір жағы барлық қиындықтан құтылу. Бірақ бас кейіпкердің өзінің өлгені туралы баяндап беруі және жанының төбеде қалықтаған сәтте өз кеудесіне қайтып келуі де, барлық күнә мен қателік өзінен екенін мойындауы да шығарманың өлім арқылы келген шешімі. Келесі берілген үзіндіде адам тәні ажал құшқанда ғана жаны жай табатынын білдіретін сияқты: «Мына менің де, арам деп айтсам обал тәрізді, адал, пәк деуге тағы батылым бармайды, қайткенде де мәнсіз, мағынасыз, зая ғұмырым таусылған екен... Келмеске кетіпшім... Өзіме өзім жаным ашып, жыламақ едім, көзімде жас жоқ екен. Көздің өзі жоқ. Көз түгілі бас та жоқ. Мүлде жоқпын. Қолмен ұстап, көзбен көрер уақытша тұрақ – баянсыз Тән емес, кеудеден шыққан Жан ғана екем. Шын өлгенімді, опасыз Тәннен ажыраған мәңгілік Жан екенімді аңдаған соң, байсалды сабыр таптым» [6, 342-б.].

З.Фрейдтің жыныстық қатынасқа құмарту идеясын жалғастырып, өліммен байланыстырған ғалым – Ж.Батай. Зерттеушінің «Эростың жасы» атты еңбегіндегі адам бойындағы зинаға деген құмарлық, жауыздық, жан түршігерлік оқиғалар, өзін әбден жұмысқа салып, содан өзін керемет сезінгендер, тіпті кішкентай сәбидің өлімінен ләззат алып, құштарлықтың ең биік нүктесіне жеткен кейіпкерлер туралы айтады. Сонымен қатар, адам өз болмысынан ешқашан ажырай алмайтынын да дәлелдей отырып, осы себептен қай қоғамда болсын адам өлімінен экстаз алатын жандаралдар болатын [7, 306-б.] өз ойымен дәйектейді. Осы ретте адам психологиясына терең бойлауымыз керек екендігін түсінеміз, өйткені өлім арқылы қиындықтан ғана құтылмай, одан ләззат алу ауытқушылыққа әкеліп соғатын сияқты. Мәелен Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» туындысындағы суицидалды ойлар, әрекеттер арқылы әйелін шаршатқан кейіпкер ақыр аяғы көз жұмады, бұдан әйелінің жаны тынышталатындай,

өйткені жақынының өлімі жайлы ойлана-ойлана шаршаған. Бас кейіпкер өмірдің мәнін түсіну үшін өлетіндей, өз санасынан тыс өмір сүргісі келгендей, ал бұл экзистенциялық күйге қатты ұқсайды.

Танатология жайлы өлімге жаратылыстану жағынан емес, гуманитарлық жағынан қараған ғалым – Карл Густав Юнг. Мәселен К. Г. Юнгтің архетиптерді классификациялауда да, жалпы адам өмірінің кезеңдерінде де «өлімнің» маңызы анықталады. Өйткені ол адамдардың өмірінің бірінші жартысы «жыныстық қарым-қатынасқа» деген ұмтылыспен байланысты болса, оның биологиялық тұрғыда құлдырауы мен өлімге жақындауы адам өмірінің екінші жартысындағы басымдылыққа ие күш ретінде сипаттайды. Сондай-ақ, ғалымның архетиптері негізінде өлімге мынандай анықтама бере аламыз: басты қаһарман жеке тұлға, жеке сана болса, ал «мәңгілік өмір» – сананың шекарасын кеңітуші психологиялық белсенділік. «Өлім» – Анаға (жерге) қайтып оралу, бұл дүниеге қайта «келу үшін» қажетті құбылыс [8, 453-б.]. Бұл жерде еріксіз Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» туындысы еске түседі. Шығарманың атауында да бір гәп бар. Жеті жүз беттік бұл туындыда нақақтан-нақақ өлімге кесілген Си Мын Наоның мұң-наласы, өкіметтің озбыр саясатына деген наразылығы сипатталады. Бас кейіпкердің «нақақ кеткенім-ай» деген зарлы дауысы барлық тамұққа жетіп, шындықты мойындату үшін әбден азапталған, майға қуырылған, отқа қақталған кейіпкер қайта-қайта түрлі жануардың күйінде дүниеге келеді де, қайтадан бәрін басынан өткізеді. Жануар кейіпінде тұрып, адамдар тұратын қоғамды әбден келемеждейді. Оның өмірге қайта-қайта келуі де бір қалыпты құбылыс сияқты. Бірақ ол жай өмір сүргісі келмейді, өліммен қатар өмір де азап, өмірдің әділетсіздігімен күресу де қиынның-қиыны екенін ашып айтады: «Қабір қыспағының қандай азап-тозағын тартсам да, тәубеме келе қоймадым. Сонымен ер атанып, атағым шықты. Тозақтың бірталай қарауылы маған іштей сүйсінетін сезетінмін...» [9, 7-б.]. Ары қарай осындай азаптаулар басылмайды, тіпті Нариманның қызыл әскерін көрген әйел түсік тастайды, шошқа қашамын деп қабырғаға соғылады, ал бас кейіпкердің көмекшісі де үкіметтің саясатына әбден жаны күйіп, өз-өзіне қол жұмсайды. Мо янның бұл шығармасы саясатқа деген, қоғамдағы келеңсіз жағдайға ашық оппозиция және күнәсіз өлім құшқандардың өзі бұған риза емес екендігін дәлелдейтін сияқты.

Сонымен қатар, К. Юнгтің ойын Ф. Хофман жалғастырады, өлімді көркемдік жағынан қарастыра отырып, өлімді бейнелеу мен кеңістік пен уақытты қабылдау арасында тығыз байланыс орнатады: «Если смерть – стена, а не порог, темп переживания уменьшается, внимание ко времени переходит в сосредоточенность на пространстве, и каждая деталь изменения фиксируется

и хранится» [10, 136-б.], бұл ой арқылы «өлімнің» артында «мәңгілік өмір» бар деген түсінік адамдарға үміт сыйлайтынын баса назарға алады.

Сонымен қатар, Ф. Хофманның «Өлім және қазіргі әдебиет» (1958) мақаласын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл мақала Г. Фейфельдин редакциясымен «өлімнің мәні» (1959) кітабына енген, көркем танатологияның дамуы үшін аса маңызды ізденіс болды. XX ғасырдағы өлімге деген көзқарастың өзгеруі туралы тұжырымдамалық пайымдаулармен қатар әдебиеттанушы әлемдік әдебиеттегі өлімді бейнелеудің екі негізгі түрін анықтайды: «первый полностью реалистический, другой совершенно «идеалистический»» [10, 136-б.]. Оның біріншісі «memento mori», яғни өлімді естен шығарма, осы сәтті бағала десе, екінші «басқа өмір» жайлы үмітпен өмір сүруді меңзейді. Осыған қазіргі жазушылардың өлімнен кейінгі сәтті, оқиғаны кейіпкердің өз аузымен айтқызуын жатқыза аламыз. Мәселен Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» атты роман ішіндегі романындағы бас кейіпкер өзінің құдық түбінде жатқандығын, қазір оның жоқ екендігін аңғарып, әйелі іздеп келіп, құдықтан табатындығын айтса, Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» шығармасы да тура осылай басталады. Бас қаһармандар өлім туралы көп ойланады, күндердің күнінде мына жалғанмен қоштасатын біледі және өзін өлтірген адам туралы да ой қозғады. Кейіпкерлер өлім құшағында жатса да, олардың жаны сөйлейді, ал бұл өмірден кейінгі «өмірді» білдіретін шығармалар, өлгеннен кейін өмірді көру абсурд болғанымен, автордың өлімді ойнату арқылы оқырманмен жүргізген ойыны десем, қателеспеймін. Бір жағынан бұл туындылар посмодернистік туындылар болғанымен сюрреалистік элементері де жоқ емес. Өйткені барлық оқиға бейне бір түстегідей өтіп жатады.

Жоғарыда айтқанымдай, өлім философиялық категория болғанымен, өмірдің шындығы болып табылады. Орта ғасырларда өлім жазмыш ретінде қабылданды, қалыпты құбылыс саналды. Бұны Филипп Арьестің «Өлім алдындағы адам» (Человек перед лицом смерти) туындысынан байқасақ болады, ғалым өз ойын дәлелдеу үшін әр түрлі шығармадан мысал келтіреді: «Тристан туралы поэмада оның рыцарі Бланшфлер патшайымды жұбата отырып былай дейді: «Мына дүниенің есігін ашқандардың бәрі өліммен бетпе-бет келетіні шындық емес пе?». Одан кештеу жазылған граф Аларкостың испандық романсеросындағы графиня өлім жазасына кесіліп, өз өмірімен қоштасып, ішінен дұғаларын оқып былай дейді: «Мен өлемін деп қайғырмаймын, өйткені өлуім керек болды. Бірақ өзімнен кейін анасыз қалатын балаларым үшін қайғыдан қан жұтамын» [11, 52-б.]. Арьес бұл зерттеу еңбегінде әр ғасырдағы адамдардың өлімді әр қилы түсінгендігін ғылыми түрде сипаттайды, тіпті адамның жерлеу рәсімі мен басына қойылатын құлпытас жайлы тілге тиек етеді. Қабірге

катысты қазақ халқының танымында да ырым-тыйымдар да жоқ емес, мола жақтан ештеңе алуға болмайтыны тағы бар. Бұл ретте Аягүл Мантайдың «Қабір гүлі» туындысын атап айтсақ болады. Жас моланың басынан жұлынып алған алқызыл «гүл» өлім символы болып табылады, өйткені бас кейіпкердің өзінің сөзі бойынша, кішкентай қыз оған гүлді емес, өлімді қимаған екен, содан бір аптадан соң көз жұмған. Шығарманы баяндаушы экзистенция күйіне түсіп, өмірдің жалғаныдығын ұққандай.

Жалпы танатологиялық ғылыми білімнің спецификациясы XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші жартысында ғана пайда болды. Көркем танатология туралы заманауи идеяларға сәйкес келетін алғашқы танатологиялық зерттеулер осы кезеңде, дәлірек айтсақ, XX ғасырдың басында пайда болады.

Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында әлемнің әдебиеттану сахнасына Р.Барт атты семиотик ғалымның «Автор өлімі» концепциясы жарық көреді. Француз ғалымының бұл эссесі өлімнің жаңа формасын алып келді десек, қателеспейміз. Өйткені мұнда автор тура мағынасында өлмейді, оның шығармадағы «рөлі» өледі, оның орнын оқырман басады. Бұл концепцияны қарастыра отырып, А. Мырзахметтің «Жазушының қойын дәптері» пунктир-повестіндегі «Үнсіздікпен тілдесу» шағын әңгімесі еске түседі. Шығарма желісі бойынша автор кейіпкердің тағдырымен ойнайды, өлім құштырам десе де, ең соңында оның соқыр екенін ашып берсе де өз еркі. Бәрі жазылып біткен соң кейіпкерге автордың қауһары жетпейтінін былай жеткізеді: «Ол кейіпкерім мен енді естімейді. Себебі ол мына қолдармен жазылып қойған» [12, 80-б.]. Соңында автор нағыз кейіпкердің оқырманның өзі екенін ашық айтады, енді қалың көпшілік шығарманы қалай талдаса да, автордың ойы рөл ойнамайтынын жеткізіп тұрғандай.

Бұл сала ұзақ уақыт бойы басқа ғылым салаларының назарында болғаны мәлім, «көркем танатология» саласын көбіне орыс ғалымдары зерттеген. Мәселен Р. Л. Красильников «Танатологические мотивы в художественной литературе» атты көлемді еңбегін жазса, В. Ю. Лебедева «Мотив метафизической смерти в романах В. Набокова», С. А. Меситова «Этическая танатология Л. Н. Толстого: Толстовский опыт переживания смерти и его нравственно-религиозный смысл» атты диссертациялық жұмыстарын жазған. Келесі мақалаларымда осы еңбектерді кеңінен қарастырып өтемін.

Әдеби шығармалардағы танатологиялық элементтер туралы ойлар М.Бахтиннің бірнеше шығармаларында кездеседі. Оның «Автор и его герой в эстетической деятельности» (1920–1924) жұмысында өлімнің «іштен» және «сырттан» бөлінуі туралы ой қозғалады. Өлім туралы мәселе басқа біреуді түсінуге және сезінуге себеп болады, оның санасында шығармашылық субъект өзін көре алады, ол арқылы өзінің өмірі мен іс-әрекетінің құндылығын

түсінеді. Ғалымның «іштен өлу» терминіне байланысты Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» туындысындағы кейіпкердің ішкі күйі сәйкес келеді. Өйткені ғашығы оралса да, Ғалия үшін Еркін өлген, ол ештеңені өзгерте алмайды, шындықтың аты шындық.

Танатологиялық мотивтер М. Бахтиннің шығармашылығында кеңінен кездеседі. Бұл оның полифония, автор мен кейіпкердің эстетикалық өзара әрекеттесуі, наррация түрлерін ажырату, «карнавалдық» инверсиялар сияқты негізгі тұжырымдамалық идеяларына сәйкес келеді, оларды суреттеудің, оларды негіздеудің қажетті шарты болғаны сөзсіз. Сонымен қатар, ғалымның өз өлімі мен жақын адамның өлімі алдындағы қорқыныш әр түрлі болатынын тілге тиек етеді. Мұндай мотивті Т. Нұрмағамбетовтің «Періштелердің өлімі» туындысынан аңғара аламыз. Өз інісінің көз алдында адам емес құбыжыққа айналғандығын, оны өз қолымен сол құзға түсіргендігін, өз қолымен қайнап жатқан суға салып, көз алдында қоймалжың сұйықтыққа айналып кеткенін көргенде ғана бойына ерік-жігерін жинап, бас жауызды атып салғандығы, көр қазып, жерлеуі, мына өмірдегі жасаған күнәсі мен жақынының өлімі оны құрдымға әкеліп, ақыр аяғы өз-өзін өлтіріп тынады. Бұл шығармадағы бауырының өлімі оның санасын оятса да, жанын күйзеліске ұшыратқаны да сөзсіз.

Ендігі кезекте танатологияны қазақ әдебиетіне термин ретінде енгізудегі Г. Балтабаеваның еңбегін атап өткеніміз жөн. «Қазақ әдебиетіндегі виртуалды проза» атты зерттеуінде танатологияға еңбегі сіңген ғалымдар ретінде М. Фабер, Ю. Лотман, Н. Буало сияқты ғалымдардың атын атайды. Қазақ әдебиеттануындағы танатологияның зерттелу күйі айтылмайды, тек өлімге қатысты қазіргі қазақ жазушыларының туындылары жан-жақты талданады. Сонымен қатар танатологиялық сарында жазылған қазіргі проза өкілдерінің туындылары суицидтік ойға құралғандығын тілге тиек етеді. Әр шығарманың негізгі элементі өлім екендігін дәлелдейді.

Қорытынды

Қазақ халқында «өлгеннің артынан өлмек жоқ», «өлімнен ұят күшті» деген қанатты сөздер, «тал бесік» пен «жер бесік», «ана дүние», «мына дүние», «жоқтау», «қоштасу» деген түсініктер бар. Халқымыз «өлім» деген үлкен философиялық ұғымды терең түсіне білген.

«Өлім» категориясы абсолютті емес, «өлім» бізді қорқытқанымен біз ол арқылы бар қиыншылықтың мәңгілік емес екендігін сезіне аламыз, өлім арқылы біз өзімізді жұбата да аламыз. Көркем шығармадағы өлім де соны дәлелдейді. Шығармадағы жағымсыз, жауыз кейіпкердің өлімі арқылы «жақсылық» «жамандықты» жеңгенін көрсек, керісінше, сүйікті кейіпкеріміздің өлімінен кейін өзіміздің жақынымызды жоғалтқандай

боламыз. Бұл – көркем шығарманың, ондағы «өлімнің» оқырман алдындағы билігі.

Осылайша, қазіргі гуманитарлық танатология өлімнің мәнін, оның себептері мен механизмдерін түсінуге, оны түсінудің тарихи және заманауи стратегияларын зерттеуге байланысты көптеген мәселелерді шешетін ғылыми зерттеулердің қалыптасқан пәнаралық саласы болып көрінеді. Мақала барысында әлем әдебиеттануындағы, психологиясы мен философиясындағы танатологияның қалыптасуы, дамуы, қазіргі жай-күйі анықталды. Зерттеу еңбектеріне шолу жасалып қана қоймай, шетел мен қазақ әдебиетінде қазіргі жазушылардың шығармаларының тақырыптық жағына үңіліп, әр туындыдағы өлімнің рөлі анықталды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Красильников, Р. Л.** Образ смерти в литературном произведении: модели и уровни анализа: монография [Текст]. – Вологда : ГУК ИАЦК, 2007. – 140 с.

2 **Балтабаева Г. С.** Қазақ әдебиетіндегі виртуалдық проза: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Дәстүр, 2021. – 288 б.

3 **Аристотель.** Поэтика [Текст]. / пер. Н. И. Новосадского. – Ленинград: Academia, 1927. – 120 с.

4 **Перес-Реверте, А.** Құрсау немесе өлім үстіндегі ойын : роман / Артуро Перес-Реверте; [ауд. С.Бактыгерейұлы]. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 480 б.

5 **Фрейд, З.** Введение в психоанализ [Текст]. – Питер, 2007. – 384 с.

6 **Мағауин М.** Жармақ: роман [Мәтін]. – Прага : Артфост, 2007. – 350 б.

7 **Фокин С. Л.** Танатография эроса : Жорж Батай и французская мысль середины XX века. – СПб. : Мифрил, 1994. – 346 с.

8 **Карл Густав, Ю.** Душа и смерть [Текст]. – М. : Когито-Центр, 2008. – С. 451–463.

9 **Ян, Мо.** Өмір мен өлім азабы / Мо Ян; [қытай тіл. ауд. Ж. Мұхамедхан, Д. Әлімақын]. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 736 б.

10 **Красильников, Р. Л.** Танатологические мотивы в художественной литературе. Введение в литературоведческую танатологию [Текст]. – М. : Языки славянской культуры, – 2017. – 640 с.

11 **Арьес, Ф.** Человек перед лицом смерти. / пер. с фр. С.Оболенской. – М. : Прогресс, 1992. – 528 с.

12 **Мырзахмет, А.** Ханшайым: проза. – Алматы : Жалын, 2013. – 192 б.

References

1 **Krasil'nikov, R. L.** *Obraz smerti v literaturnom proizvedenii: modeli i urovni analiza: monographia* [The image of death in a literary work: models and levels of analysis: monograph] [Text]. – Vologda : GUK IACzK, 2007. – 140 p.

2 **Baltabaeva G. S.** *Qazaq ädebietindegi virtualdyq proza: oqu qūraly* [Virtual prose in Kazakh literature: a manual] [Text]. – Almaty : Dastur, 2021. – 288 p.

3 **Aristotel**. *Poe'tika* [Text] [Aristotle. Poetics]. /per. N. I. Novosadskogo. – Leningrad: Academia, 1927. – 120 p.

4 **Peres-Reverte, A.** *Qūrsau nemese ölim üsitndegi oiyn: roman* [Hoop or game over death] / Arturo Peres-Reverte; [aud. S.Baktygereiuly]. – Nur-Sultan : Foliant, 2020. – 480 p.

5 **Frejd, Z.** *Vvedenie v psixoanaliz* [Introduction to Psychoanalysis] [Text]. – Piter, 2007. – 384 p.

6 **Magauin M.** *Jarmaq: roman* [Zharmakh] [Text]. – Praga : Artfost, 2007. – 350 p.

7 **Fokin S. L.** *Tanatografiya e`rosa : Zhorzh Bataj i francuzskaya my`sl` serediny` XX veka* [The Thanatography of Eros : Georges Bataille and French Thought of the Mid-twentieth Century]. – SPb. : Mifril, 1994. – 346 p.

8 **Karl Gustav, Yu.** *Dusha i smert`* [Soul and death] [Text]. – Moskva : Kogito-Centr, 2008. – P. 451–463.

9 **Yan, Mo.** *Omīr men olim azaby* [The pain of death and death] / Mo Yan; [qytai til. aud. Zh.Muxamedkhan, D.Alimakyn] . – Nur-Sultan: Foliant, 2021. – 736 p.

10 **Krasil'nikov, R. L.** *Tanatologicheskie motivy` v xudozhestvennoj literature. Vvedenie v literaturovedcheskuyu tanatologiyu* [Thanatological motifs in fiction. Introduction to Literary Thanatology] [Text]. – Moskva : Yazy`ki slavyanskoj kul`tury`, – 2017. – 640 p.

11 **Ar`es, F.** *Chelovek pered liczom smerti* [A man facing death]. / per. s fr. S.Obolenskoj. – M. : Progress, 1992. – 528 p.

12 **Myrzaxmet, A.** *Hanşaiym: proza* [Princess: prose]. – Almaty : Zhalyñ, 2013. – 192 p.

12.12.24 ж. баспаға түсті.

23.12.24 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Қ. Қайырбекова¹, К. А. Толеубаева², С. У. Такиров³

^{1,2,3}Қарагандинский исследовательский

университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 12.12.24.

Поступило с исправлениями 23.12.24.

Принято в печать 17.02.25.

ИЗУЧЕНИЕ ТАНАТОЛОГИИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

В мировой литературоведческой науке широко рассматривается проблема «художественной танатологии», но в казахской литературоведческой науке практически нет исследовательских работ на эту тему, танатология рассматривается только как объект таких областей, как философия, психология. Систематический анализ «танатологии», «танатологических мотивов», «образов» в современном художественном творчестве – одна из основных проблем литературоведения. Поэтому в статье анализируется место танатологии в гуманитарных науках, ее изучение в мировой литературоведческой науке, пути ее применения в художественной литературе, творчестве и процесс превращения в образ через сравнение с психологией, философскими науками. В данном случае с обзором научных трудов второй четверти XX века, рассматривавших танатологию как «науку о смерти» (З. Фрейд, К. Юнг, Ж. Батай, Ф. Арьес), а также периодов, когда она начала изучаться в направлении художественной литературы (Ф. Хофман, М. Бахтин, Р. Барт), определяется процесс превращения танатологии в интерпретирующий элемент в текстовой системе конкретного автора. На ее основе открываются новые поиски в анализе художественного текста. Глубоко погружаясь в творческую мастерскую авторов, акцент делается на анализе конечной идеи. Кроме того, в данной статье художественно обоснована связь таких понятий, как сюрреализм, экзистенциализм, с танатологическими мотивами, всесторонне проанализированы и рассмотрены произведения современных казахских писателей.

Ключевые слова: жизнь, смерть, танатология, танатологический мотив, литературоведение, автор, экзистенциализм, концепт, интертекст.

*А. К. Kaiyrbekova¹, К. А. Toleubaeva², S. U. Takirov³

^{1,2,3}Karaganda Research University

named after Academician E. A. Buketov,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Received 12.12.24.

Received in revised form 23.12.24.

Accepted for publication 17.02.25.

THE STUDY OF THANATOLOGY IN A LITERARY TEXT

The problem of «artistic thanatology» is widely considered in the world literary science, but in the Kazakh literary science there are practically no research papers on this topic, thanatology is considered only as an object of such fields as philosophy, psychology. The systematic analysis of «thanatology», «thanatological motives», and «images» in modern artistic creativity is one of the main problems of literary criticism. Therefore, the article analyzes the place of thanatology in the humanities, its study in the world literary science, the ways of its application in fiction, creativity and the process of transformation into an image through comparison with psychology, philosophical sciences. In this case, with a review of scientific works of the second quarter of the twentieth century, which considered thanatology as a «science of death» (Z. Freud, K. Jung, J. Bataille, F. Aries), as well as the periods when it began to be studied in the direction of fiction (F. Hoffman, M. Bakhtin, R. Barth), defines the process of turning thanatology into an interpretive element in the text system of a particular author. On its basis, new searches are opened in the analysis of a literary text. Diving deeply into the creative workshop of the authors, the emphasis is on the analysis of the final idea. In addition, this article artistically substantiates the connection of such concepts as surrealism, existentialism, with thanatological motives, comprehensively analyzes and examines the works of modern Kazakh writers.

Keywords: life, death, thanatology, thanatological motives, literary studies, author, existentialism, concept, intertext.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz